

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 230 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 838 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 34, 343-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "10" деген сандар "20" деген сандармен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне" деген сөздер "есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 1-күніне" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірлері 3.3.6. және 3.3.7-жолдарда:

4-бағандағы "Ақпмині" деген аббревиатура "МАСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 3.5.1., 3.5.2., 3.5.4-жолдарда:

4-бағандағы "ТурСА" деген аббревиатура "МАСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3.5.5-жолда:

4-бағандағы "ТурСА" деген аббревиатура "ИСМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3.6.3-жолда:

4-бағандағы "ҚДА" деген аббревиатура алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 4.1., 5.1., 6.1., 6.2., 6.3., 6.4., 6.5., 9.3., 9.7-жолдарда:

4-бағандағы "ҚДА" деген аббревиатура "Еңбекмині" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5.3-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Маусым, жыл сайын;

реттік нөмірі 9.1-жолда:

2-бағандағы "ұлттық стандарттарын" деген сөздер "нормативтерін" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-бағандағы "Мәдмині, Ақпмині, ТурСА" деген сөздер "МАСМ" деген

аббревиатурамен

ауыстырылсын;

реттік нөмірі 9.4-жолда:

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық аумақтарын дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу";

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"2005 жылғы ІV тоқсан";

реттік нөмірі 9.5-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"2006 жылғы ІІ тоқсан";

реттік нөмірі 9.11-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ, Еңбекмині".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі